2	Тәрбиешілер, тәрбиеші көмекшілерімен санитарлық мөлшер мен дезтәртіптерді сақтау жайлы сабақтар жүргізу	әр уақытта	Медбикелер	
3	Медициналық тақырыпта дәрігерлермен кеңес жүргізу.	үнемі	Медбикелер	
4	№5 қалалық балалар емханасы дәрігерлерімен бірігіп дәріс өткізу.	үнемі	Медбикелер	
5	Санбюллетень шығару	Тоқсанына 1 рет	Медбикелер	

IV. Тәрбиешілермен жұмыс

1	Тәрбиешілердің жоспарына енгізілген тыныс алу гимнастикасы, нүкте массаждары мен сауықтыру ойындары	үнемі	Медбикелер	
2	Топтың тазалығы: шынығу процедурасына, санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуына бақылау жасау	үнемі	Медбикелер	

Ү. Асхана жұмысшыларымен жұмыс

1	Асхананың санитарлық жағдайына бақылау жасау	үнемі	Медбикелер	
2	Азық-түліктің сапасы мен мөлшерін бақылап отыру	үнемі	Медбикелер	
3	Дайын азық-түліктің сапасы мен мөлшерін бақылап отыру	үнемі	Медбикелер	
4	Асхана жұмысшыларымен «Асхананың тазалық жағдайы» атты тақырыпта семинар өткізу	Токсанына 1 рет	Медбикелер	

ҮІ. Техникалық қызметкерлермен жұмыс

1	Тәрбиешінің көмекшілерімен жалпы балабақша тазалығы жұмыстары жайлы сабақ өткізу	Айына 1 рет	Медбикелер	
2	Кір жуатын орынның жұмыстарына бақылау жасау, санитарлық тазалығын қадағалау	үнемі	Медбикелер	

Нөмірленген, тігілген.

43 бет.

Менгерген:

Э.К. Агабекова



Handwritten signature or mark.



«Бекітемін»
«Нұрай» мектепке
дейінгі шағын орталық»
менгерушісі
Агабекова Э.Қ.

Ертеңгілік

Тақырыбы: «Алтын күз»

Жүргізген: Альжанова М.Ш.

2021 ж

Алтын күз

Музыка ойнап, әсем безендірілген залға балалар кіреді.

Жүргізуші: Келді міне алтын күз,

Сары шашты жарқын жүз.

Мол өнімді ісімен,

Таңдандырып халқын күз.

Сәлеметсіздерме, қадірлі қонақтар! Бүгінгі берекелі де ырысты алтын күз құрметіне арналған мерекемізді бастаймыз.

Аспанды сұрғылт бұлт,

Жан-жақтан жабады.

Күн бірте суытып,

Жауын көп жауады-дей отырып балаларымыздың күзге арнаған тақпақтарын қабыл алыңыздар.

Дана: Сап-сары маңай,

Сап-сары тоғай.

Соңғы әнін айтып,

Құс кетті қайтып.

Айару: Алақай! Алақай!

Шаттанды балақай!

Күз түсті, дән пісті,

Айтамыз алғысты.

Айзере: Қамба толды астыққа,

Алғыс саған алтын күз.

Рафик: Қараша күз келді, күз келді,

Жапырақ жауыпты іздерді.

Медина: Жетті желмен алтын күз,

Жеміс жинау салтымыз.

Айя: Келді ғой жеріме,

Күз дейтін мереке.

Ән: «Күзгі вальс»

Би: «Әңгелек»

(Осы кезде Алихан мен Илина келеді, қолдарында саңырауқұлақ толы себеттері бар. Олар бір біріне менің саңырауқұлағым көп, жоқ сенің саңырауқұлағыңнан менің саңырауқұлағым көп-деп таласып келеді)

Жүргізуші: Сәлеметсіңдер ме, балалар. Неге айтысып келесіңдер?

Алихан: Біздер орманнан саңырауқұлақ теріп едік, менің саңырауқұлағым көп дейді.

Илина: Жоқ менің саңырауқұлағым көп дейді.

Алихан: Соны шеше алмай айтысып келеміз.

Жүргізуші: Босқа таласпаңдар, қазір біздің балалар сендерге көмектеседі.

Кәне, балалар саңырауқұлақтарын тең етіп бөліп беруге көмектесейік!

(саңырауқұлақтарын жерге төгіп жеке-жеке бір бала бір-бір саңырауқұлақтан себетке салып тең екіге бөліп береді)

Жүргізуші: Міне, тең етіп екіге бөліп бердік.

Алихан: Балалар рахмет сендер бізге көмектестіңдер, біз сендерге мына саңырауқұлақты сыйлаймыз. Бірақ бұл саңырауқұлақ сиқырлы саңырауқұлақ. Сиқырын өздерің табыңдар.

Жүргізуші: Балалар саңырауқұлақтар қайда өседі?

Балалар: Орманда

Жүргізуші: Саңырауқұлақтар нешеге бөлінеді?

Балалар: Екіге ұлы және жеуге болатын саңырауқұлақтар.

Жүргізуші: Мынау саңырауқұлақтың несі?

Балалар: Қалпақшасы

Жүргізуші: Ал мынау несі?

Балалар: Сабағы

(Күркіреген күннің дауысы шығып жаңбыр жауады)

Жүргізуші: Ой, балалар жаңбыр жауып тұр. Қараңдаршы, жаңа саңырауқұлақ қандай еді енді қандай болды?

Балалар: Кішкентай еді, үлкен болды.

Жүргізуші: Саңырауқұлақ нені жақсы көреді екен?

Балалар: Жаңбырды

Жүргізуші: Дұрыс айтасыңдар балалар, жаңбыр жауған сайын өседі екен саңырауқұлақтың сиқыры осы екен.

(Тағы да жаңбыр жауады)

Жүргізуші: Құмырсқа **Тимур** орманда келе жатып, жаңбыр жауып кетеді, қайда тығыларын білмей бір саңырауқұлақты көріп қалады да, астына қорғанып отырады.

Көбелек: Жанерке: Менің қанатым су болып қалды, енді не істеймін? Саңырауқұлақ мені жаңбырдан қорғашы.

Саңырауқұлақ: Алихан: Кел, көбелек мен сені жаңбырдан қорғаймын.

Тышқан: Айым: Пи-пи-пи үстім су болып қалды енді қайда барамын?

Саңырауқұлақ: Алихан: Кел, тышқан мен сені жаңбырдан қорғаймын.

Торғай: Ықылас: Менің үстім су болып қалды, саңырауқұлақ маған көмектесші.

Саңырауқұлақ: Алихан: Кел, кел, біздің қасымызға. (бірге ән айтады: «Саңырауқұлақ астында, су болмаймыз малшына»)

Бақа: Мұслим: Мен жаңбырдан қорықпаймын. Бірақ саңырауқұлақ астынан көңілді ән естіледі екен, мен де қастарыңа барайыншы!

Саңырауқұлақ: Алихан: Кел мұнда бізде көңілді. Бәрі де ән айтады.

Қоян: Бегімай: Мені түлкі қуып келеді, құтқарыңдар. Менің үстім су болып қалды, саңырауқұлақ маған көмектесші.

Барлығы: мұнда орын жоқ сыймайсың.

Қоян: Бегімай: Мені жасырмасаңдар түлкі жеп қояды.

Саңырауқұлақ: Алихан: Кел, мұнда жасырайын.

Түлкі: Арайна: Қоянды көрдіңдер ме?

Барлығы: Жоқ көрмедік.

Түлкі: Арайна: Мұрнымен саңырауқұлақтың астына тұмсығын тығып, иіскелеп, құйрығын былғаңдатып кетеді.

Жүргізуші: Саңырауқұлақ оларды жаңбырдан қорғады. Бұлт кетіп, жаңбыр ашылды. Күн шықты. Кішкентай саңырауқұлақ үлкен болып өсті.

Саңырауқұлақ астындағы өзінің достары сыртқа шыға бастады. Тыныс алу жаттығуы: «Таза ауада дем алу»

Бәрі: Рахымет саған, саңырауқұлақ!

Саңырауқұлақ: Алихан: Мен жалғыз қалғым келмейді, сендермен болған өте жақсы, балалар менімен ойын ойнайсыңдар ма?

Балалар: Ия, ойнаймыз.

Жүргізуші: Олай болса

Ойын: «Кім тез жапырақты жинайды?»

Шарты: Мына жапырақтардың ішінен тек күзгі жапырақтарды жинайсыңдар.

Күзгі жапырақтардың түсі қандай? (сары, қызыл, қызғыш)

Жүргізуші: Күзде өздері пісетін, тамаққа кеп түсетін,
Мақтанбақшы сендерге, көкөністер сан түрлі!

Даниял: Өсіретін бойыңды,
Дамытатын ойыңды.
Қоянға да азықпыз,
Сәбіздерміз жазықсыз!

Мағжан: Мен картоппын, картоппын,
Бір қарасам доппын.
Немен жесең де жағам,
Мені қоссаң тәтті болар тағам.

Аружан: Мен қиярмын, сәндімін,
Салаттардың сәнімін.
Дәруменім мол менің,
Жегенге қуат сыйлаймын.

Арайна: Менің атым қызанақ,
Тұзды сеуіп молырақ.
Банкілерге салыңыз,
Аузын мықтап жабыңыз.

Алихан: Иісім жұпар аңқыған,
Бақшадағы шырынмын.
Жеп көргенде тамсанған,
Балдай тәтті қауынмын.

Муслим: Таңдандырар бәрін,
Аскабакпын дәмді.
Кептірілген дәнім,
Таптырмайтын дәрі!

Жүргізуші: Ендігі кезекте қыздарымыздың өнерін тамашалаңыздар.

Би: «Қазақ»

Жүргізуші: Біздің кішкентай бүлдіршіндеріміздің сән көрсетілімін тамашалаңыздар

(сән көрсетіп болып би билеу)

Ойын: «Көкөністерді ажырат»

Шарты: Мына шелектегі көкөністермен жемістерді екі шелекке бөліп саламыз. Кім жылдам екен?

Жүргізуші: Жарайсыңдар, балалар!

Олай болса, балалар мерекемізді жалғастырайық. Бізге қонаққа жемістерде келген екен, енді жемістер туралы тақпақтарымызды қабыл алыңыздар.

Бегімай: Жапырақты тасалап,
Өсетін жері бақша-бақ,
Күрең қызыл шіркін-ай,
Менің атым құлпынай.

Ықылас: Мен алмамын, алмамын,
Таңдандырар бал дәмім.
Пісіп толдым, мінекей!
Баптап келет бағбаным.

Ерсұлтан: Мен өрікпін, өрікпін,
Дәміммен тәтті еліттім.
Сүйіктімін сәбилерге,
Айтпасам да бөліп тым.

Жанерке: Мені бәрі жүзім дер,
Бір-бірлеп дәмдеп үзіп жер.
Қызықтырам көркіммен,
Қатар-қатар тізілген.

Санжар: Тіл үйірілген алмұртпын,
Таңсығымын бар жұрттың.
Жақсы өсіре алмайды,
Қараса егер салғырт кім.

Айым: Мен моншақтай шиемін,
Құмарсыңдар білемін.
Кетіп қалып жүрмесін
Тамағыңа сүйегім.

Жүргізуші: Ой, жарайсыңдар балалар.

Ән: «Алтын күз»

Жүргізуші: Осымен біздің бүгінгі «Алтын күз» ертеңгілігімізді тамашалағандарыңызға рахмет.

«Нұрай» мектепке дейінгі шағын орталық



АЛТЫН КҮЗ

Жүргізген: Сүлейменова Ж.

Шымкент 2021 ж

Алтын күз

Автор: Ерте, ерте, ерте де! Тату тәтті жанұя тұрыпты. Олардың бақшасы болыпты. Шал, шалқан егіпті.

Шал: (Әліби): Өзі шалқанның тәп-тәтті,
Өзі шалқанның қап-қатты.

Автор: Асыға күткен жаз келді,
Жер құлпырып гүлдеді.
Айнала ұшып гүлдерді,
Аралар балын жинайды.
Жазда өтіп күз келді,
Жапырақтарды бояды.

Би: «Көбелектер»

Қаракат Томирис Ғаламнұр
Кәусар Райан Бегімай

Шалқан: (Жанерке): Карандаршы бойыма,
Айтатындай мақтана
Мені жиді тамсана.

Шал: Шал, шалқанның жанына келіп жұлмақшы болады.

Автор: Әрі-бері, әрі-бері ырғақ-ырғақ тартады. Суыра алмай шалқанды шал көмекке кемпірін шақырады.

Кемпір: (Кәусар): Карандаршы шалқанға,
Бойы өсті аспанға.

Бәрі бірге: Кәне-әрі, кәне-бері,
Шалқанды тартамыз.
Бірақ оны орнынан,
Қозғалта алмаймыз.

Автор: Суара алмай шалқанды кемпір немере қызын шақырды. Немере қызы достарымен бірге келіп күз тапқатарын шал мен кемпірге айтып берді.

Альмансур: Келді міне күз,
Айнала сары түс.
Керемет, тамаша,
Қандай әсем күз.

Қаракат: Алтын күз, алтын күз,
Күтеміз сені біз.
Төріміз сіздікі,
Келініз, келініз.

Немере қызы: (Аяла): Достар сендер бара беріңдер.
Таңмен тұрып мен ерте,
Тыным таппаймын мен үйде.

Едендерді сыпырамын,
Ыдыстарды мен жуамын.
Мен кішкентаймын,
Мен шаршаймын.

(Шал мен кемпір ренжіп калады)

Немере кызы: (Аяла): Жарайды, жарайды көмектесемін.

Бәрі бірге: Кәне-әрі, кәне-бері,
Шалқанды тартамыз.
Бірақ оны орнынан,
Қозғалта алмаймыз.

Автор: Осы кезде ауыл көшесінен бір топ егіншілер өтіп бара жатады.

Би: «Егіншілер»

Даниял Алинұр Төреғали
Омар Ықылас Альмансур

Автор: Шал мен кемпір және немере кызы шалқанды суыра алмай, немере кызы балалармен ойнап жүрген **Ақтөсті (Санжар)** шақырады.

Ғаламнұр: Мен мошактай шиемін,
Құмарсыңдар білемін.
Кетіп қалып жүрмесін,
Тамағыңа сүйегім.

Төреғали: Өсіретін бойыңды,
Дамытатын ойыңды.
Қоянға да азықпыз,
Сәбіздерміз жазықсыз.

Бәрі бірге: Кәне-әрі, кәне-бері,
Шалқанды тартамыз.
Бірақ оны орнынан,
Қозғалта алмаймыз.

Автор: Суыра алмай шалқанды **ақтөс (Санжар)** **мысықты (Бағнұр)** шақырады.

Мысық: (Бағнұр): Мені неге шақырды екен,
Мүмкін сүт береді мекен.

Бәрі бірге: жоқ, жоқ!

Мысық: (Бағнұр): Жарайды.

Бәрі бірге: Кәне-әрі, кәне-бері,
Шалқанды тартамыз.
Бірақ оны орнынан,
Қозғалта алмаймыз.

Автор: Суыра алмай шалканды мысықты (Бағнұр) тышқанды (Демежан) шақырады.

Тышқан: (Демежан): Мен болмасам осында, не істер едіңдер.

Бәрі бірге: Кәне-әрі, кәне-бері,

Шалканды тартамыз.

Автор: Шал мен кемпір және немере кызы, актөс, мысық пен тышқан барлығы бірге шалканды суырап алады.

Ал, енді балалар күз мезгіліне арналған такпактарымен өлеңін айтып береді.

Даниял: Көрсен егер бақшада,

Доп екен деп қалма.

Шөл қандырар қарбызбын,

Ерте үзіп алма.

Асадбек: Иісім жұпар аңқыған,

Бақшадағы шырынмын.

Жеп көргенде тамсанған,

Балдай тәтті қауынмын.

Ерасыл: Тандандырар бәрін,

Аскабакпын дәмді.

Кептірілген дәнім,

Таптырмайтын дәрі!

Бағнұр: Сырты қандай катты,

Дәні сондай тәтті.

Шағып қара тандап,

Менің атым-Жаңғақ.

Бегімай: Бізге алтын күз келді,

Жел мен жанбыр әкелді.

Далаға біз барамыз,

Қолшатырды аламыз.

Мирас: Біз себетті аламыз,

Көңілді ән саламыз.

Би билейміз, ойнаймыз,

Жомарт күзге ризамыз.

Ойын: «Жапырақтарды жина»

Максаты: Үш түрлі жапырақтарды өзінің түсіне сай шелекке жинау.

Санжар: Айнала сары ала,

Қырманға дән тола.

Жемістер пісіпті,

Қоймаға түсіпті.

Кәусар: Бұтағына емініп,

Күзде жеміс піседі.

Сабағына жел үзіп,
Жерге топ-топ түседі.

Ықылас: Пісіп тұрған алмамын,
Тамсандырар бал дәмім.
Жерге сілкіп түсірме,
Ісіп кетер маңдайым.

Ерсұлтан: Картоп біздің атымыз,
Жер астында жатырмыз.
Бір тамырдан тараған,
Ағайынбыз бәріміз.

Омар: Нан атасы-бидаймын,
Елге астық сыйлаймын.
Дәнім толып піскенде,
Қауызыма сыймаймын.

Райан: Мен алмұртпын, алмұртпын,
Ауыздамын бар жұрттын.

Алинұр: Ақ түсім бар қант алар,
Қызыл түсім қанға нәр.
Зияным жоқ біліп қой,
Қызылшамын пайдам бар.

Ән: «Күзгі вальс»

Мерекелі, берекелі келді алтын күз,
Жайма шуақ, күн сәулелі, келді жаркын күз.
Жеміс толы айнала, астық толды камбаға,
Алтын күзге арналып, айтылады әнім.

Аралайық күзгі бақты, кандай тамаша,
Кел шырқайық күзгі вальсті, билеп жараса.
Жеміс толы айнала, астық толды камбаға,
Алтын күзге арналып, айтылады әнім.



«Бекітемін»
«Нұрай» мектепке
дейінгі шағын орталық»
менгерушісі
Агабекова Ә.Қ.

Ертеңгілік

Тақырыбы: «Жасыл шырша жанында»

Жүргізген: Альжанова М.Ш.

Шымкент 2021 ж

«Жасыл шырша жанында»

Музыка залына балалар көңілді әуен ырғағымен қолдарына қар ұстап, билеп кіреді.

Ән: «Жаңа жыл»

Жаңа жыл, жаңа жыл,

Жаңа жылда, жаңа жыл.

Жасыл шырша жанында,

Жадырап бір бала жүр.

Тамаша, тамаша,

Шыршамыз тұр жараса.

Басында әсем жұлдызы,

Көз тоймайды қараса.

Көрікті, бөрікті,

Аяз ата келіпті.

Беріп жатыр таратып,

Алма, анар, өрікті.

Қала нұр, дала нұр,

Құтты болсын жаңа жыл.

Шырша жаны көңілді,

Билеп барлық бала жүр.

Омар: Қыс қызығы тамаша,

Ойнаймыз біз таласа.

Думанымыз жалғассын,

Жаңа жылға тамаша!

Әліби: Жаңа жылда жол болсын!

Әрбір үйде той болсын!

Берекелі жыл болсын!

Ақ дастарқан мол болсын!

Жүргізуші: Нұрландырып маңайды,

Шырша шамы жағылсын.

Жаңа жылдың құрметіне,

Ақ тілектер ағылсын!

Ортаға балабақша меңгерушісі Эльниса Қуанышбекқызын шақырамыз.

Балалар: Аяз ата келе ме?

Бізге сыйлық бере ме?

Жүргізуші: Әрине, ата келеді,

Бізге сыйлық береді.

(Осы кезде музыка әуенімен билей басып түлкі келеді.)

Түлкі: Мен түлкімін, түлкімін,

Тұнып тұрған күлкімін.

Бұлғаң, бұлғаң құйрығым,

Текке өтпейді бір күнім.

Аяз ата мұнда келмейді,
Сендерге сыйлық бермейді.

Балалар: Қалайша?

Түлкі: Аяз аталарың адасып кетіпті.
Сендерді таба алмай,
Үйіне қайтып жетіпті.

Жүргізуші: Бұл қалай болды? Думанымыз Аяз атасыз қалай өтпек?

Түлкі: Жарайды мен кетейін (билей басып кетеді)

Жүргізуші: Балалар, уайымдамаңдар Аяз атамыз келеді, бізге сыйлық береді.
Бұл түлкінің кезекті бір құлығы болар. Мұның артында бір шикілік бар сияқты. Әліби, Омар екеуің түлкінің ізіне түсіңдер, не бүлдіргенін біліңдер.

Екеуі: Жарайды, біз кеттік. (түлкінің соңына түседі)

(Сықырлаған қардың дыбысы естіледі.)

Жүргізуші тың-тыңдап: Балалар, Аяз атамыз келе жатқанға ұқсайды. Қардың сықырын естідіңдер ме?

Балалар: Иә, естіп тұрмыз.

Жүргізуші: Енді қарап тұрмайық.

Бәріміз бірге дауыстап,

Аяз ата мен Ақшақарды шақырайық!

Балалар: Аяз ата, Ақшақар! (Әуен ойналады, залға Аяз ата мен Ақшақар кіреді.)

Аяз ата: Амансың ба, ұлдарым,
Амансың ба, қыздарым.
Қандай әсем жүздерің,
Қандай мөлдір көздерің.
Керемет бір ән тыңдап,
Келіп тұр-ау демалғым.

Ән: «Келді міне жаңа жыл»

Келді міне жаңа жыл,
Шаттық сыйлап әр үйге.
Жаңа бақыт, жаңа нұр,
Үлкен, кіші сәбиге.

Жаңа жауған ақ ұлпа,
Қар жамылды даламыз.
Балаларды сағынта,
Келді аяз атамыз.

Айдай ару ақшақар,
Көмекшісі сол екен.

Аяз ата ақсақал,
Сыйлықтары мол екен.

Қандай сұлу шыршамыз,
Ортамызда тұр жайнап.
Жаңа жылда баршамыз,

Шаттанайық кел ойнап.

Аяз ата: Ой, айналайындарым-ай сендерге келуін келдім, бірақ қапшық толы сыйлығым ұшты-күйлі жоқ болып кетті. Осында келе жатып, жоғалтып алдым.

Мына шыршамыздың да шамдары жанбапты, менің сиқырлы таяғыма балалар сендер көмектесіп жіберсеңдер шамдарын жағып алайық.

Барлығымыз: Жасыл шырша жарқыра.

(Осы кезде түлкінің соңынан кеткен екі бала түлкіні алдына салып, қапшық толы сыйлықты алып келеді.)

Аяз ата: Ә, енді есіме түсті, кү түлкі. Жолда бағана жатып қапшығымды қымқырған екенсің ғой.

Жүргізуші: Түлкінің мұнысы дұрыс па, балалар?

Балалар: Жоқ.

Түлкі: Құлық-сұмдықты жоямын,

Өнерге ден қоямын.

Аяз атам мені кешірсе,

Сыйлығыма тоямын.

Аяз ата: Онда, айыбыңды өтеп, өнеріңді көрсет.

Түлкі: Достарым менің келіңдер,

Бірге билеп көріңдер.

Би: «Шоколадные зверушки»

Аяз ата: Бәрекелді, жарайсыңдар. Билерің керемет екен.

Жүргізуші: Ал, балалар, тұрмайық

Аяз атаға арналған

Тақпақтарымызды айтайық.

Кәусар: Аппақ тонға оранып,

Базарлықты мол алып.

Келді алыс сапардан

Аяз ата оралып.

Қалып едік сағынып

Күтіп алдық жабылып.

Аяз ата: Сағынғаныңнан айналдым!

Демежан: Ақ қырауға малынған,

Ақша қардай сақалы.

Көптен күтіп сағынған,

Көрдім аяз атаны.

Даниал: Базарлықты баршаға,

Әкеліпті ол тағы.

Қарасын деп тамсана,

Безендірдік шыршаны.

Айлин: Тақпақтарды жаттадық,

Би биледік көрсін деп.

Аяз ата қуанып,
Бізге риза болсын деп.

Мирас: Ақ қырауға малынған,
Сақылы да, мұрты да.
Аяз ата сағынған,
Сәлем берді жұртына.

Аяла: Қайда қызық болса дұман,
Аяз Ата сонда болды.
Күндіз үйде ойнап бізбен,
Балалармен бірге болды.

Ықылыс: Аяз Ата ойды қырды,
Аралап жүр түгел шолып.
Қарсы алғалы жаңа жылды,
Ол да көптің бірі болып.

Қарақат: Жаңа жыл, жаңа жыл,
Тамаша тойымыз.
Алақай, алақай,
Өседі бойымыз.

Аяз ата: Қасымда бар Ақшақар,
Ол да ренжіп қалмасын.
Бүлдіршіндер балалар,
Би билеп, бір ойнасын!

Би: «Ұлпақарлар»

Томирис

Бағнұр

Арайна

Бегімай

Әдемі

Ғаламнұр

Ақшақар: Жаңа жылды тойлайық,
Ойнап асыр салайық.
Балалар ойын ойнаймыз ба?

Балалар: Иә, ойнаймыз.

Ойын: «Шыршаны сәндейміз»

Шарты: Қыздар бір топ, ер балалар бір топ болып екі шыршаны сәндейді, қай топ бірінші сәндейді сол топ жеңімпаз болады.

Жүргізуші: Кезекті тақпақтарға береміз.

Жанерке: Жаңа жылды қарсы алдың,
Мініп алып күймеге.
Мен де бүгін ән салдым,
Араластым биге де.

Алинұр: Безендіріп шыршаны,
Жыл қуантты баршаны.
Той-маскарад басталды,
Аяз оны басқарды.

Арайна: Жасыл желек жамылған,
Асыл моншақ тағылған.
Міне, сұлу шыршамыз,
Көптен күтіп, сағынған,
Кел, балалар, келіңдер,
Тамашаны көріңдер.

Бағнұр: Жүзімізде күлкі ойнап,
Қанаттанды жанымыз.
Жаңа жылды біз тойлап,
Шаттанамыз бәріміз.

Санжар: Аспан жерге төгеді,
Ақ күмісін уыстап.
Жаңа жылда келеді,
Бізге қарай жылыстап.

Бегімай: Бүгін біз көңілдіміз,
Жаңа жылды қарсы алып.
Мерекеге келгендерді,
Құттықтаймыз ән салып.

Альмансур: Жасыл шырша орманнан,
Бізге арнайы келіпті.
Ойыншығын балалар,
Шыршаға әсем іліпті.

(Әуенмен сайқымазақ кіреді)

Сайқымазақ: Саламатсыңдар ма, балалар, қонақтар, Аяз ата мен сіздің көмекшілеріңізді алып келдім.

Жүргізуші: Олай болса қабыл алыңыздар «Гномдар» биін.

Би: «Гномдар»

Төреғали	Демежан	Алинұр	Мирас
Асадбек	Омар	Медеу	

Сайқымазақ: Мына әкелген шарларымды тақпақ айтқан балаларға бергім келіп тұр деп өзі тақпақ айтуға балаларды шығарады.

Ерсұлтан: Жүзімізге күлкі ойнап,
Қанаттанды жанымыз.
Жаңа жылды біз тойлап,
Шаттанамыз бәріміз.

Томирис: Кел жаңа жыл біздерге,
Кел жаңа жыл, жаңа жыл.

Төреғали: Жап жасыл шыршамыз,
Қандай тамаша.
Басында жұлдызы,
Қонады жараса.

Әдемі: Наша елка висока,

Наша елка велика.
Выше мамы, выше папы,
Достает до потолка.

Медеу: Сақалының ұзын-ай,
Саудыраған мұзын-ай.
Жарқыраған оттары,
Жаңа жылдың қызығы-ай.

Ғаламнұр: Мұздан моншақ тағынып,
Күміс қырау жамылып.
Ортада тұр Ақшақар,
Көптен күтіп сағынып.

Асадбек: Тамаша, тамаша,
Аяз ата келеді.
Әнімізге қосылып,
Бізге сыйлық береді.

Жүргізуші: Ой, рахмет саған сайқымазақ. Біздің балалармен ән айтасың ба?

Сайқымазақ: Әрине айтамын.

Жүргізуші: Олай болса балаларымыздың әнін қабыл алыңыздар.

Ән: «Сыйлықтар алдық»

Жаңадан тақпақ,

Аламыз жаттап.

Жаңа жыл келді,

Жаңа жыл аппақ.

Шыршаға бардық,

Әсем ән салдық.

Аяз атадан,

Сыйлықтар алдық.

Қуантып елді,

Жаңа жыл келді.

Өсетін болдық,

Бір жасқа енді.

Би: «Көңілді»

Даниал-Аяла

Санжар-Айлин

Ерсұлтан-Бағнұр

Ықылас-Жанерке

Әліби-Кәусар

Жүргізуші: Аяз ата сіз біздің балалардың өнерін тамашаладыңыз. Сізге ұнады ма? Сыйлық бересіз бе?

Аяз ата: Әрине ұнады, мына сыйлықтардың барлығын беремін.

Жүргізуші: Бүгінгі жаңа жылға арналған ертеңгілігіміз өз мәресіне жетті, көріп тамашалағандарыңызға рахмет.



«Бекітемін»
«Тұрай» мектепке
дейінгі шағын орталық»
мәңгеруісі:  Агабекова Э.К.

Ертеңгілік

Тақырыбы: «Қош келдің жаңа жыл»

Жүргізген: Альжанова М.

2021ж

«Қош келдің жаңа жыл»

Желтоқсан 2021

Жүргізуші: Төрлет , төрлет жаңа жыл,
Халыққа әрдайым төгіп нұр.

Құрметті қонақтар, ата-аналар сіздерді келе жатқан жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз. Жаңа жыл үйлеріңізге тек қана бірлік пен табыс әкелсін демекпіз. Олай болса «Ботакан» тобының балаларын қарсaлыңыздар.

Жүргізуші: Балаларымыздың тапқартарымен бүгінгі мерекемізді бастаймыз.

Сұлтан:Қыс қызығы тамаша,
Ойнаймыз біз таласа.
Думанымыз жалғассын,
Жаңа жылға тамаша!

Айбол: Жаңа жылда жол болсын!
Әрбір үйде той болсын!
Берекелі жыл болсын!
Ақ дастарқан мол болсын!

Әбілмансұр: Безендіріп шыршаны,
Жыл қуантты баршаны.
Той-маскарад басталды,
Аяз оны басқарды.

Раяна: Жасыл желек жамылған,
Асыл моншақ тағылған.
Міне, сұлу шыршамыз,
Көптен күтіп, сағынған,

Жүргізуші: Балалар рахмет өте керемет тапқак айттындар. Балалар шыршамызға қараңдаршы қандай керемет безендірілген. Енді осы шыршамызға арнап өлең айтайық.

Ән:«Жаңа жыл»

Жаңа жыл, жаңа жыл,
Жаңа жылда, жаңа жыр.
Жасыл шырша жанында,
Жадырап бар бала жүр.

Тамаша, тамаша,
Шыршамыз тұр жараса.
Басында әсем жұлдызы,
Көз тоймайды караса.

Көрікті, бөрікті,
Аяз ата келіпті.
Беріп жатыр таратып,
Алма, анар, өрікті.

Қала нұр, дала нұр,
Құтты болсын жаңа жыл.
Шырша жаны көңілді,
Билеп барлық бала жүр.

Қаракшы келеді

Қаракшы: Бұл жерде өзі не болып жатыр? Не тойлап жатырсыңдар?

Балалар: Жаңа жыл мерекесін тойлап жатырмыз.

Қаракшы: Мерекеге неге мені шақырмайсыңдар?

Жүргізуші: Қаракшы сен ашуынды бас, бізбен жаңа жыл мерекесін тойла. Қарашы біздің балалар сіз құсап киініп алған.

Қаракшы: Ой, керемет олай болса балалармен бір би билейін.

Би: «Қаракшы»

Қаракшы: Ой, балалар рахмет. Менің көңілім көтеріліп қалды. Келесі жылы мені шақыруды ұмытпаңдар. Сау болыңдар.

Жүргізуші: Кезекті тақпақтарға берейік.

Дамир: Бүгін біз көңілдіміз,
Жаңа жылды қарсы алып.
Мерекеге келгендерді,
Құттықтаймыз ән салып.

Ерғазы: Жасыл шырша орманнан,
Бізге арнайы келіпті.
Ойыншығын балалар,
Шыршаға әсем іліпті.

Айлин: Жүзімізге күлкі ойнап,
Қанаттанды жанымыз.
Жаңа жылды біз тойлап,
Шаттанамыз бәріміз.

Көркем: Кел жана жыл біздерге,
Кел жана жыл, жаңа жыл.

Жүргізуші: Балалар тыңдандаршы бір дыбыс шығатын сияқты.

Ақкала: Сәлеметсіңдер ма, балалар!

Мен көңілді аққаламын,
Хат тасимын шаттанамын.

Аязда да, боранда да,
Хатты жедел жеткіземін.

Бар адамды қуантамын,

Жаңа жылмен құттықтаймын достарым!

Жүргізуші: Ой, бұл хат кімнен болды екен? Балалар хат Аяз атадан екен ол өзінің кешігіп келетінін айтыпты, мерекені өзіміз жалғастыра берейік.

Ақкала біздің кішкентай аққалаларымызбен билем көңіл көтеруге қалай қарайсың?

Ақкала: Ой қуана-қуана келісемін.

Би: «Ақкала»

Ақкала: Балалар менімен ойын ойнайсындар ма?

Балалар: Ия ойнаймыз.

Ақкала: Ойынның шарты: Екі топқа бөлінеміз. Сөйтіп мені, яғни аққаланың суретін құрастырасындар.

Ақкала: Ой, рахмет балалар қызық ойын болды. Менің тағы басқа балабақшаға апаратын хатым бар соны апарайын. Сау болындар балалар!

Жүргізуші: Балалар кезекті такпақтарға берейік.

Нұрмахан: Жылдың әнін бастайтын,

Аяз ата кеп қалды.

Майысады жас кайың,

Көтере алмай көп қарды.

Алинұр: Аппақ тоңға оранып,

Базарлықты мол алып.

Келді алыс сапардан,

Аяз ата оралып.

Өмір: Аппақ, аппақ қояндар,

Аппақ қарда ойнайды.

Ақ көңілді балалар,

Жаңа жылды тойлайды.

Ханшайым: С Новым годом, зайчики
С Новым годом, белочки
С Новым годом, мальчики
С Новым годом, девочки

Нұржігіт: Новый год! Новый год!
В гости елочка придет
Дед Мороз и зайки
Пренесут подарки

Томирис: Дедушка мороз придет
И подарки принесет
Очень-очень его иду
И под елочкой сажу

Жүргізуші: Балалар Аяз Ата мен Ақшақар кешігіп жатыр ғой, кане дауыстап шақырайық.

Балалар: Аяз ата, Ақшақар.

Аю: Саламатсындар ма, балалар!

Мен қысқы ұйқыда болатынмын, катты айкай-шу, тасыр-тұсырдан шошып ояндым, не болып қалды деп сұрап едім, бәрінің айтатындары бір-ақ сөз: «Жана жыл келіп қалды, жана жыл»-дейді. Маша да, осында болар деп келдім.

Жүргізуші: Мәссаған, балалар бұл кім?

Балалар: Аю.

Жүргізуші: -Ия, «Маша мен аю» мультфильмін сендер өте жақсы көресіндер ғой. Бірақ біз Аяз атаны шақырдық ғой, аюды емес...

Балалар: Ия.

(Осы кезде Маша келеді. Шыршаға танырқап)

Маша: Ханшайым: Керемет...(деп шыршаны карап шығады. Аю шауып келіп Машаны көтеріп алады.)

Аю: -Әрең таптым-ау сені қасқыр жеп қойған шығар деп едім (деп кетіп бара жатады)

Жүргізуші: Токтаңыздар кетпеніздер бізбен бірге болыңыздар.

Аю: Жарайды онда біз балалармен бір би билейік. Содан соң қайтайық.

Би: «Шырша»

(Аю мен Маша балалармен қоштасып шығып кетеді)

(Әуен ойналып Аяз Ата мен Акшақар келеді)

Аяз Ата: Аяулы ата-аналар, ардақты ұл-қыздар, бүлдіршін балаларға бір сәлем!

Қандай жарқын жүздерің,
Қандай әсем жырларың,
Асулармен алысқан,
Асау желмен жарысқан
Аталарын сендерге
Шаршап келді алыстан.

Акшақар: Амансындар ма, балалар, ұстаздар, ата-аналар.

Өздеріңді сағынып келдік, жана жылдарыңыз құтты болсын.

Аяз ата қараңызшы, балалардың киімі қандай әдемі. Шырша да әсем безендірілген екен. Бәрі де сұлуланып кетіпті. Шырша шамын жағайық. Барлығымыз «**Шырша жан**» «**Шамдарынды жарқырат**» деп айтайық. (Барлығы айқайлайды, шырша шамдары жағылады)

Аяз ата: Бәрекелді балалар! Шыршамыз жарқырап, айналаға қуаныш сыйлауда. Шыршаның құрметіне ән айтайық.

Ән: «Келді, міне, Жана жыл!»

Келді, міне, Жана жыл!
Шаттық сыйлап әр үйге!
Жаңа бақыт, жаңа нұр,
Үлкен, кіші, сәбиге.

Жана жауған ақ ұлпа,
Қар жамылды даламыз.
Балаларды сағынта,
Келді Аяз атамыз.

Айдай ару Акшақар,
Көмекшісі сол екен.
Аяз ата-аксақал
Сыйлықтары мол екен!

Қандай сұлу шыршамыз,
Ортамызда тұр жайнап!

Жаңа жылда баршамыз,

Шаттанайык кел ойнап!

Жүргізуші: Балалар Аяз атаға тақпақтарымызды айтып берейік.

Айзере: Қандай әсем шартарап,
Шаттык күйге бөлеп тұр.
Кәмпиттерін арқалап,
Аяз ата келіп тұр.

Алинұр: Аяз ата келіп тұр,
Сый- сияпат беріп тұр.
Балалардың өнерін,
Ақшақарда көріп тұр.

Али: Ақ кырауға малынған,
Сакалы да, мұрты да.
Аяз ата сағынған,
Сәлем берді жұртына

Муслим: Аяз ата келеді,
Тамашаны көреді.
Риза болып қуанып,
Бізге сыйлық береді.

Маржан: Мұздан моншак тағынып,
Күміс кырау жамылып,
Ортада тұр Ақшақар.
Көптен күтіп сағынып.

Жүргізуші: Ал, Аяз ата біздің қыздарымыздың биін тамашалаңыз.

Би: «Қуыршак»

Аяз ата: Ой, жарайсындар балалар. Керемет билеп, ән айтып бердіңдер. Енді мен сендердің сыйлықтарыңды шақырып берейін ба?

Балалар: Ия

Аяз ата: Кел сыйлық ортаға. Сыйлықтан қорқасындар ма? Мына сыйлықты ұстап алып сендерге берейін.(балалардың сыйлықтарын тарату)



«Бекітемін»
«Нұрай» мектепке
дейінгі шағын орталық»
менгерушісі

Агабекова Э.Қ.

Ертеңгілік

Тақырыбы: «Қош келдің жаңа жыл»

Жүргізген: Сүлейменова Ж.

2021ж

Қош келдің жаңа жыл!

Жүргізуші: Армысыздар, аяулы ұстаздар, ата- аналар!

Сәлеметсіздер ме, балалар! Сендер бүгін сәнді киініп, әдемі болып отыр екенсіңдер, олай болса бүгінгі мерекемізді бастайық. Әр жылдағы жаңа жыл Қарша қыз бен Аяз атасыз өткен емес. Олай болса алдымен Қарша қызбен Аяз атаны шақырайық.

Балалар: (хормен) Аяз ата, Қарша қыз!- деп шақырғанда ортаға Мыстан кіреді.

Жүргізуші: Мыстан біз сені танып қойдық, біз мүлдем сені шақырған жоқпыз.

Мыстан: (сылкылдап күліп)- Ойбууй мені танып қойдыңдар ма?! Ақыры келген екенмін бәріңмен амандасып қояйын. Сәлем балақайлар- қошакандар, Хэллоу ата-аналар, апайлар!
Жарайды маскировкам іске аспаған екен, онда мен қайттым.

Жүргізуші: Мыстан қоя тұр, кетпе, Аяз ата мен Қарша қыз келмей қойды, сен бізге қандай көмек бере аласың?

Мыстан: Жандарым, жалғыздарым мен біліп едім Аяз ата мен Қарша қыздың келмей қалатынын.

Ештеңе етпейді, уайымдамандар, әжелерін сендермен бірге. Қазір бәрін түзеймін (басын қасып тұрып қалады). Не істесем екен, ааа... Маған қараңдаршы. Шашым ұзын жібектей, көзім үлкен ботадай, мұрным қандай әдемі, ал фигурам керемет немене Қарша қызға ұксамаймын ба?

Балалар: Жоооқ!

Жүргізуші: Мыстан сен әзірге ойлана тұр, ал балалар әсем әнін орындасын.

Ән: «Көк шырша»

Мыстан: Балалар маған бір ой келді. Қазір бәріміз бірге ел аралауға шығамыз. Биылғы жаңа жылды ерекше қарсы алғыларың келе ме? Олай болса орнымыздан тұрамыз, қолымызды ашамыз, менің сыйқырлы сыпырғыммен ұшамыз. Ал ұштық.

Жүргізуші: Ой балалар біз кайдамыз?

Жапон қызы: Охайооо, О-генке диу кааа? Сендер Жапониядасыздар.
Жапония таңғажайып ел, біздің мемлекетте адамдар жүз жылдан астам өмір сүреді.

Мыстан: Охайо, охайо! 100 жылдан астам өмір сүре ме? Осы мен Жапонияға көшіп келсем бе екен-ә!

Жүргізуші: Сәлеметсіз бе! Біз балалармен жана жыл мерекесін тойлап жүрміз. Ал сіздер жана жылдық такпақ, ән айтып, би билей аласыздар ма?

Жапон қызы: Әрине, білеміз!

Айару: Жаңа күнде ән қылып
Тек жүреміз ән құрып
Көңілдердей қартаймай
Шырша тұрар мәңгілік

Райана: Жаңа жыл- жаңа кадам, жаңа бақыт
Болашақ сыйлайтындай жаңа бақыт
Барыс жылы келіп қалды ортамызға
Жаксылыкпен жалгассын жаңа уақыт

Аружан: Жасыл шырша жағылды
Көңілдіміз бәріміз
Такпақ айтып, ән айтуға
Өркашанда дайынбыз

Нүрсезім: Жаңа жылда жаңа бақыт тыныштық
Жаса, жаса, достық, бірлік туыстық
Құттықтаймыз келер жылды алдағы
Ескі жылмен коштасамыз біз ыстық

Дана: Әкелді жаңа ырыс құт
Әлемде той тамаша
Жаркын өмір жаңаша
Жана жылы тамаша

Кәусар: Мәз болып жиналып көп бала
Бір- бірін күшактап топтала
Ойыншык ілініп тұр шыршаға
Неткен ойыншык көп мұншама
Дайын тұр такпак пен әніміз
Әрдайым күлпырсын сәніміз

Мыстан: Жапондар біздің тілді біледі екен, ал билей аласындар ма?

Жапон қызы: Әрине, билей аламыз!

Би: «Жапон биі»

Жүргізуші: Қандай керемет би, киімдері де қандай әдемі. Ал біз сапарымызды әрі қарай жалғастырамыз.

Мыстан: Ұштык, ұштык!

Музыка ойнайды, ортаға атқа мінген Кавбойлар кіріп Мыстанды ұстап алады.

Жүргізуші: Токтаңыздар біз қайдамыз?

Кавбой: Буэнос диас! Бұл Мексика! Мексикада дүние жүзіндегі ең ірі қаласы Мехико орналасқан. Мехико ұлы тарихымен ерекшеленген мемлекет.

Жүргізуші: Сәлеметсіз бе! Біз жана жылды тойлап сапарға шығып сіздерге тап болдық, біздің әжейді жібересіз бе?

Кавбой: Жарайды, жіберіндер!

Жүргізуші: Рахмет, ал сіздерде қандай да бір өнерлеріңіз бар ма?

Кавбой: Әрине, бар!

Мадияр: Келіп қалды Жаңа жыл
Көңіл өсіп кеңейсін
Ортақ ойы арманы
Жаксы достар көбейсін

Асадбек: Келді тағы жаңа жыл
Қуантумен біздерді
Құтты болсын жаңа жыл
Құттықтаймыз сіздерді

Тимур: Оранды өлкеме
Жаңа жыл армысын
Оранды ақ көрпе
Асқар тау қарлы шын

Маулен: Құтты болсын жаңа жыл, барша халық
Қуанышка, шаттыққа тамсанайық
Бірімізге шынайы тілек тілеп
Бар әлемге бакытпен жар салайық.

Ерсұлтан: Кел, жаңа жыл! Төрле-төрле жеріме!
Құт береке боп келгейсің еліме
Үміт арттым армандарға аяулы
Шаттығына бөлегейсің бәрін де!

Жасұлан: Жаңа жылға арналады жаңа жыр
Жаңа жылға шақырады жаңа өмір
Бакыт болып Жаңа жылым келді ғой
Құтты болсын, құтты болсын жаңа жыл!

Мыстан: Құрысын тез-тез кетейікші мына жерден,
Ұштық, Ұштық!

Араб әуені ойналып тұрады ортада Шейх жатады, қасында қызметші қыздар билеп тұрады.

Жүргізуші: Ой, балалар біз қайда келдік?

Шейх: Ассаламуалейкум! Туристердің сүйікті демалыс орталығына айналған Дубай қаласындасыздар. Астанасы Абу- Даби қаласы. Ал, мен Шейхпін.

Мыстан: (жүгіріп барып Шейхтің аяғына басын қойып, жата қалады да) маған Дубай ұнап тұр, осында қала саламын- ау.

Жүргізуші: Мыстан, мұның не, балаларды қалай тастап кетесін, қайта Шейхтен қандай өнерлері бар екенін сұрайық.

Шейх: Тақпақты да айтып, мың бұралған қыздарымыз би билеп береді.

Жүргізуші: Олай болса біздің жаңа жылдық әнімізді қабыл алып, сосын сіздердің өнерлеріңізді тамашалайық.

Ән:

Айлин: Шырша қандай керемет
Ойыншықтар ілінген
Жымың қағып шамдары
Бүкіл қызық тірілген

Аяла: Шыршамызды әсемдеп
Ән шырқаймыз билейміз
Өзімізде күлімдеп
Жабырқауды білмейміз

Мадина: Қала нұр, дала нұр
Құтты болсын жаңа жыл
Шырша жаны көңілді
Билеп барлық бала жүр

Ғаламнұр: Әкелді жыл ырыс- құт
Әлемде той тыныштық
Ән салайық тамаша
Би билейік жаңаша

Диана: Жаңа жылды тойлайық
Ойнап асыр салайық
Атамыздың сиқырлы
Таяғымен ойнайық

Бегімай: Қуанышты ортамыз сазға ұласқан
Тілегім болсын мәңгі ашық аспан
2022 жылы қадам басқын
Гүлденіп көркейе бер Қазақстан

Би: «Шығыс биі»

Мыстан: Ал, кеттік ары қарай ұштық, ұштық!

Бір кезде дауыл тұрып, теңіздің дауысы естіледі.

Мыстан: Ой, ой, ой! Не болып кетті?!

Ортада Қаракшылар кеменін үстінде Аяз ата мен Қарша қызды ұстап алып тұрады.

Қаракшы: Бонжур, модам! Мен атакты Джек Воробеймін. Франция еліненбіз. Франция- Европадағы дамыған, мәдени туристік ел. Франция астанасы- Париж. Париж Эйфель мұнарасымен танылған.

Жүргізуші: Қандай керемет, атакты елде тұрасыздар. Біз балалармен жаңа жыл мерекесін тойлауға шығып едік. Сіздер біздің Аяз атамyzбен Қарша қызымызды тұтқынға алыпсыздар, оларды жібересіздер ме?

Балалар: Жіберіңізші!

Қаракшы: Жана жыл дейсіңдер ме, ал сендердің қандай өнерлерін бар?

Мыстан: Бізде, бізде! О- таптым, біз ойын ойнай аламыз. Қане бізді тамашалап отырған ата- аналармен ойын ойнайық.

Ойынның шарты: басымызға тағылған суреттегі бейнені табу, ол үшін мынандай сұрақтар қою арқылы табуға болады.

1. Мен жандымын ба, жансызбын ба?
2. Мен жануармын ба, өсімдікпін ба, адаммын ба?
3. Мен үй ішіндемін ба, даладамын ба?

Қаракшы: Керемет, маған ойындарың ұнады, жарайды Аяз атамен Қарша қызды босатамыз. Бізде жаңа жылға дайындалып такпак жаттап,би үйрендік.

Би: «Қаракшылар»

Мыстан: Бұндай саяхаты құрысын, апай үйге қайтайықшы.

Жүргізуші: Әрине, балабақшаға оралатын уақыт келді, Аяз ата мен Қарша қызды да таптық.

Аяз ата: Балалар, Мыстан сендерге үлкен рахмет бізді құтқарғандарыңа. Олай болса жаңа жылдық әнді айтып, ал Мыстан сиқырымен бізді ұшырып балабақшаға алып барсын.

Ән:

Мыстан: Балалар, бүгінгі саяхатымыз қалай ұнады ма?

Балалар: Иә, ұнады!

Мыстан: Ал, маған мүлдем ұнаған жоқ, мұндай жаңа жылдың. Кеттім мен қош сау болыңдар!

Аяз ата: Балалар, мерекелік кештерінде басынан бастап бола алмадым, сондықтан сыйлығымды қалай беремін деп ойланып тұрмын.

Қарша қыз: Аяз ата балалардың бір жылда өздерін жақсы, тәртіпті ұстаған болса сыйлықтарды беруімізге болады. Оны апайларынан сұрайк.

Жүргізуші: Аяз ата, Қарша қыз біздің балалар 1 жасқа есейіп, өздерін өте тәртіпті ұстап, оқуда озат болып жүр. Сіздерді келеді деп ән, тақпақ жаттады, би билеп үйренді. Сол себепті сыйлықты барлық балаларымызға берсеңіздер болады.

Аяз ата: Олай болса балалар қонақтар жаңа жыл мерекесімен құттықтаймыз. Кане, Қарша қыз шыршаның астындағы сыйлықтарды балаларға табыстайық.

1. Меркантилизм - это экономическая теория, основанная на идее, что богатство нации определяется количеством золота и серебра, которые она имеет. Меркантилисты считали, что государство должно проводить политику, направленную на увеличение экспорта и уменьшение импорта, чтобы накопить драгоценные металлы.

директ; 1) Л. П. М. Б. Б. старейший Габриел
уничтожил и все отныне
уничтожителю всех и всех
уничтожит.

2) Биринчи тарафда документлар
мисралилари сиз шарҳ қилинг
айтаверингиз.

3) Переходим к процессу трансформации
информации с помощью функции $f(x)$

а) бамабаунараф, бамабаунараф
бамабаунараф бамабаунараф
бамабаунараф бамабаунараф

Корреспондент: Н. Жуков. 7. 8.

Горюхиной: Сергеевского ст. в.



Миллерчи макондато кидестиз №1 хаттамасы

4 газан

2021 мавд

Куя тәртібінде

1. Җазмелерлердиз туфине куяне җайык
җазы. Шонтардато ис-қажардиз җазы
кырыгу майыс (мезе бадамы).
2. Шонтардато сауықтыру-шондытыру
шараларын өткізу туфине тара.
3. Куяи мерелердиз сиземелерин
бекіту.
4. Шондандо: Җазмелер У.А. Ренбаева
биринчи мезе бадамыа өз сөйлези.
Бадамы җазмелерлер мадамыда куяда
мезеи тара, туфине куяне куя
тәртібін орыноту перекти айтмизда
мезеи кешікпей кыу Җазмелердиз
сиземелер мадамы, мадамы сиземелер.
Мезеи бадамы бадамыда җазмелерлер
диз туфине куяне җайыкдато ортамы
диземизде сиземелер айтмиз.

Җазмелер җайыкдато айтмиз, ама - амамын

түрлі-түрліше тұлғалармен танысуға
мүмкін болады.

Бұйымдар және олардың тұлғаларымен
араласуымен танысуға олардың
түрлерін білгенде.

Балабақша мұдирісі Алабаева
оларға танытуға олардың тұлғаларымен
араласуымен танысуға олардың
түрлерін білгенде. Танысуға олардың
түрлерімен танысуға олардың
түрлерін білгенде. Танысуға олардың
түрлерімен танысуға олардың
түрлерін білгенде.

Бұл мұдирісісің. Бұйымдармен танысу
